

«Мемлекеттік әлеуметтік  
сақтандыру қоры» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2022 жылғы

«30» наурызда 2022  
шешімімен бекітілді

№ 6 шенім



**«МЕМЛЕКЕТТИК ӘЛЕУМЕТТИК  
САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ  
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП КОДЕКСІ**

**Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл**

## МАЗМҰНЫ

<b>1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>	<b>3</b>
1-тарау. ҚАЖЕТТІЛІГІ	3
2-тарау. БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ	3
3-тарау. КОДЕКСТИҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ	4
<b>2-БӨЛІМ. ІШКІ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ</b>	<b>4</b>
4-тарау. КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП	4
5-тарау. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ	5
6-тарау. ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАР МЕН МУМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	6
7-тарау. КЕМСІТУШЛІККЕ ТИЫМ САЛУ	6
8-тарау. ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	7
<b>3-БӨЛІМ 3. СЫРТҚЫ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ</b>	<b>7</b>
9-тарау. ИСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ	7
10-тарау. МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ	7
11-тарау. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ	8
12-тарау. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ИНТЕРНЕТ – КЕҢІСТІКТЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ	8
13-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9

## 1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-тaraу. ҚАЖЕТТІЛІГІ

1. Осы «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің Мінез-құлыш және әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қор) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Кодекс корпоративтік құндылықтарды айқындауға арналған, оны ұстану Қордың және оның жұмыскерлерінің іскерлік мінез-құлқын айқындайтын және Қордың беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын базалық этикалық құндылықтарға бейілділігін көрсетеді.

3. Қор жұмыскерлерінің қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі, қаржылық мүдделілік, оның ішінде Қормен қатынастарда болатын мемлекеттік органдармен және өзге де адамдармен жұмыс істеу кезіндегі мінез-құлқы осы Кодектің реттеу объектісі болып табылады.

4. Кәсіби әдеп нормаларын сақтау атқаратын лауазымына, лауазымдық міндеттеріне және Қордың құрылымдық бөлімшесіне тиесілігіне қарамастан, Қордың барлық жұмыскерлерінің міндеті болып табылады.

### 2-тaraу. БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

5. Қордың қозғаушы күші – бұл біздің ұстанатын корпоративтік құндылықтарымыз. Олар Қордың корпоративтік мәдениетінің негізі болып табылады, жұмыскерлердің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің бірлігін қалыптастырады, Қордың мақсаттарына тиімді қол жеткізуге ықпал етеді.

#### Команда

бұл-Қордың ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін көзқарастардың, қағидаттардың бірлігіне, өзінің адами әлеуетін, командалық рухын дамытуға және өзара іс-қимыл жасауға ұмтылуға негізделген үйымшыл ұжымның жолға қойылған жұмысы.

#### Кәсібелік

Біз жеке басты құрметтейміз, кәсібелікті бағалаймыз, барлық қажетті біліктілік талаптарына сәйкес келеміз және өзіміздің кәсіби және жеке қасиеттеріміздің өсуі мен дамуына мақсат қоямыз.

#### Бастамашылық

Біз өзіміз алға қойған міндеттемелерімізді орындаімымыз. Өз бетінше және белсенді түрде өндірістік процестерді онтайландыруға ұмтыламыз. Қордың әрбір жұмыскері өзін корпоративтік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде сезініп қана қоймай, сонымен қатар қабылданатын

шешімдер шеңберінде әлеуметтік жауапкершілік арқалайды.

### Өзара сыйластық және сенім

Біз сенім мен Құрмет қағидаттарымен әрекет етеміз. Өзіміздің жұмысқа деген көзқарасымыз бен мінез-құлқымызбен ұжымда тұрақты және жағымды жағдай құруға және дамытуға күш саламыз.

### Адамгершілік

Біз іскерлік қарым-қатынаста сенімділіктің, адалдықтың және ашықтықтың қолайлы жұмыс атмосферасын жасаймыз және қолдаймыз. Біз заңдардың, салалық, корпоративтік қағидалар мен стандарттардың талаптарын мұлтіксіз сақтаймыз.

### Жауаптылық

Азаматтық жауапкершілігі жоғары компания бола отырып, Қор жұмыскерлермен, Жалғыз акционермен, серіктестермен және қоғаммен құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтауға тырысады. Біз өз шешімдеріміз үшін жауаптымыз. Біз Қордың беделін бағалаймыз.

## 3-тaraу. КОДЕКСТІҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

6. Кодекстің мақсаты – Қордың беделін, қаржылық орнықтылығын және тиімділігін нығайтуға, мінез-құлықтың жоғары әдеп стандарттарына негізделген бірынғай корпоративтік мәдениетті дамытуға бағытталған мінез-құлық пен әдеп ережелерін сақтау үшін міндетті болып табылады.

### 7. Кодекстің міндеттері

- бірынғай құндылықтар негізінде жұмыскерлердің Қор ішіндегі және үшінші тұлғалармен қатынастардағы адал мінез-құлық өлшемдерін айқындау;
- жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірынғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім ахуалын, өзара құрмет пен парасаттылықты қолдау;
- кез келген қызметтік өкілеттіктер мен асыра пайдалануды сондай-ак, Қор үшін тиісті ықтимал тәуекелдерді анықтау және алдын алу.

## 2- БӨЛІМ. ИШКІ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ

### 4-тaraу. КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

8. Қор әлеуметпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары әдеп стандарттарының сақталуын қадағалайды. Қор жұмыскерлерінің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде, өздерінің ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе әлеуметпен байланыс жөніндегі басқа да іс-шараларда дәйексіз ақпарат таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

9. Мемлекеттік органдармен тікелей өзара жұмыс жасайтын және оларға сұратылған ақпаратты беретін Қордың жұмыскерлері мемлекеттік органдар тарапынан да, сондай-ақ Қор жұмыскерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттерге жол бермеу қағидатын сақтай отырып, ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен анықтығын, сондай-ақ олардың сұрау салулар мен заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

10. Ақпаратты беруде қате жіберу, кідірту не беруден бас тарту Қордың беделіне кері әсерін тигізуі және Қордың өзінің де, оның жұмыскерлерінің де жауаптылығына алып келуі мүмкін.

## 5-тарау. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

11. Кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында жұмыскер төмендегідей негізгі мінез-құлық ережелерін ұстанады:

1) адад, әділ, қарапайым, сыпайы болуды, әріптестеріне, Қордың клиенттері мен серіктестеріне құрмет пен шыдамдылық танытуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауды;

2) Қордың мұдделеріне нұқсан келтіретін, жеке мұдделерге артықшылық бермей, объективті түрде әрекет етуді;

3) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына және басқа да айырмашылықтарына қарамастан барлығымен бірдей тең қағидаттарды негізге алуды;

4) ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға, сондай-ақ Қордың іскерлік беделін нығайтуға ықпал етуді;

5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауды, өзінің лауазымдық міндеттерін адад және сапалы орындауды, өзінің жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануды;

6) іскерлік әдеп және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауды; қарым-қатынастың іскерлік мәнерін ұстануды;

7) өзінің кәсіби деңгейін қолдауға және арттыруға, басқа мамандардың кәсіби деңгейін сақтауды және арттыруға ұмтылуды;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білуді және қатаң сақтауы;

9) өзінің кәсіби беделіне теріс әсер етуі мүмкін кез келген іс-әрекеттен тартынуды;

10) қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін сынды дұрыс қолдануды;

11) құпиялылық режимін сақтауға және құпия (жария емес) ақпаратты ашуға әкеп соғатын кез келген іс-әрекеттен бас тартуды;

12) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауды.

12. Қордың басшы қызметкерлері мен жұмыскерлерінің сыртқы келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қордың беделін нығайтуға ықпал етуге, Қордың ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі тиіс.

## **6-тарау. ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАР МЕН МУМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

13. Қордың жұмыскерлері құнды ресурс болып табылады. Қор ұжымда жұмыскерлердің үздік кәсіби және адами қасиеттерін ашуға ықпал ететін ахуалды қалыптастыруға ұмтылады.

14. Қорда өзінің кәсіби дағдыларын дамыту үшін барлық жұмыскерлерге тең мүмкіндіктер беріледі.

15. Қордағы өзара іс-қимыл кәсіби міндеттерді табысты шешу және ұжымда сындарлы қарым-қатынасты қолдау үшін жеке адамды құрметтеу және нәтижеге бағытталу негізінде құрылады.

## **7-тарау. КЕМСІТУШЛІККЕ ТИЫМ САЛУ**

16. Қор қанағаттанғысыз қарым-қатынасқа, қысым көрсету немесе қорлайтын, ауызша, сондай-ақ физикалық немесе виртуалды мінез-құлыққа жол жок деп есептейді. Қорда жұмыскерлердің жынысы, жасы, нәсілі немесе ұлты, діні, саяси сенімі және т. б. белгілері бойынша кемсітуге жол берілмейді.

17. Әріптестермен қарым-қатынас жасай отырып, Қор жұмыскері:

1) қойылған мақсаттарға қол жеткізу degi корпоративтік тәсілді нығайта отырып, өзара құрмет, өзара түсіністік және ынтымақтастық негізінде қатынастар құрады;

2) іскерлік қарым-қатынаста қолайлы сенімділік пен ашықтық жұмыс ахуалын жасайды және қолдайды;

3) Қордың қоғамдық бастамаларына қатыса отырып, белсенді ұстанымда болады;

4) әріптестеріне қатысты дөрекілік, орынсыз мінез-құлық, әдепсіздік фактілеріне жол бермейді.

## **8-тарау. ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ**

18. Қор өз жұмыскерлерінен күтетін мінез-құлықты анықтай отырып, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саясатын жүргізеді. Қор жұмыскерлері жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін денсаулық пен қауіпсіздік мәдениетін ілгерілетуге көмектесе отырып, сондай-ақ өз қауіпсіздігі үшін жаупты бола отырып, өз әріптестері мен іскерлік серіктестерінің қауіпсіздігі үшін ұжымдық жаупкершілікте болады.

19. Қор жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды.

20. Өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ Қордың үй-жайларында болған кезде жұмыскерлер қауіпсіздік техникасының ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Қауіпсіздік техникасының белгіленген ережелерін бұзу, қасақана не абайсызда жасалған және бұл ретте, өз өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ айналасындағыларға қауіп-қатер тудыру еңбек тәртібін өрескел бұзу болып табылады.

### **3- БӨЛІМ. СЫРТҚЫ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ**

#### **9-тарау. ИСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ**

21. Біздің Қор ұзак мерзімді ынтымақтастық, құрмет, сенім, адалдық және әділдік негізінде іскерлік серіктестермен (клиенттермен, жеткізушілермен, мердігерлермен және басқа да үшінші тұлғалармен) өзара қызмет жасайды. Қор өзінің жұмыстарын занды қызметпен айналысатын сенімді іскер серіктестермен ғана жүргізеді.

22. Қор әлеуетті серіктестерге тең мүмкіндіктер бере отырып, сатып алу саласында адал саясат жүргізеді. Қордың қызметінде жосықсыз бәсекелестіктің кез келген көріністеріне немесе ұстем жағдайды теріс пайдалануға жол берілмейді.

23. Біз барлық үшінші тараптар осы Кодекстің ережелерін немесе ұқсас комплаенс саясатын ұстанады деп күтеміз.

#### **10-тарау. МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

24. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қордың және/немесе Қордың акционерінің пайдасына және мудделеріне орай шешімдерді қарau және қабылдау кезінде мудделер қақтығысын тудыруы немесе қатер төндіруі мүмкін немесе Қордың лауазымды адамының және/немесе қызметкерінің шешімінің біржақтылығы мен тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар мен іс-әрекеттерден аулақ болуға міндетті. Қордың ең жақсы мудделері үшін әрекет ету міндеті лауазымды тұлғаның

өзінің лауазымына байланысты өзінің өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін тек Қордың мұдделері үшін пайдалануын көздейді.

25. Жұмыскердің қатысуымен әлеуетті мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, жанжалдың сипаты мен дәрежесі тиісті шараларды айқындайтын Қордың Бас директорының назарына дереу жеткізілуі тиіс.

26. Қордың немесе Директорлар кеңесінің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ықтимал мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, жанжалдың сипаты мен дәрежесі дереу Қордың Корпоративтік хатшысының назарына жеткізілуі тиіс, ол осы істі тиісінше Директорлар Кеңесінің Терағасына немесе Директорлар кеңесінің толық құрамына жеткізеді.

## 11-тарау. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

27. Қор мұдделі тұлғалар тарапынан да, Қор жұмыскерлері тарапынан да себепсіз пайдалар мен артықшылықтарды алу немесе сақтау мақсатында сыйбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттерге жол бермеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

28. Қор жұмыскерлеріне:

- Қор жұмыскерінің өз кәсіби міндеттерін орындағаны үшін олар тиісті міндеттерді орындағанын жеке тұлғалар мен үйымдардан ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда сыйақы алуға;

- жалпыға бірдей қабылданған сыпайылық пен қонақжайлыштық нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық назар белгілерін және символдық кәдесыйларды қоспағанда, өздерінің кәсіби міндеттерін атқаруына байланысты не жұмысы бойынша өздеріне тәуелді адамдардан сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер алуға;

- жұмыскердің Қордың атынан тауарлар мен қызметтерді сатып алатын жеткізушілерден немесе қосалқы мердігерлерден сыйлықтар немесе пара талап етуіне және қабылдаудың қатаң тиым салынады. Бұл ережедегі айрықша ерекшелік сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын символдық сыйлықтарды қабылдау болып табылады.

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған өзге де игіліктер мен артықшылықтарды алуға тиым салынады.

## 12-тарау. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ИНТЕРНЕТ-КЕҢІСТІКТЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТЫ

29. Интернет-кеңістіктің ашық ақпараттық жүйе болып табылатындығына және әмбебап және жаһандық сипатка ие болуына байланысты, онда орналастырылған ақпарат жария сипатқа ие. Сондықтан жария етуге және жаңартуға жатпайтын қызметтік ақпаратты, Қордың қаржылық және беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін әдепке жат сөздер жазылған ақпаратты және т.б. орналастыруға жол берілмейді.

30. Әлеуметтік желілермен өзара жұмыс кезінде Қор жұмыскері:

1) өз аккаунттарындағы және басқа пайдаланушылардың жарияланымдарына түсініктемелердегі әрбір жарияланымға жауапкершілікпен қарауы, пікірлері дұрыс болуы;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құпия ақпарат санатына жатқызылған жеке тұлғалардың жеке деректерін жария етуге жол бермеуі;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтауы қажет.

31. Жұмыскерге:

1) зорлық-зомбылықты, терроризмді насиҳаттауға, ұлтаралық конфесияларық және әлеуметтік араздықты қоздыруға, ашық агрессия мен қолданыстағы билікті сынға алуға, басқалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, сондай-ақ қауіп-катерге жол беруге;

2) тексерілмеген және көрінеу жалған ақпаратты таратуға;

3) Қорға, оның жұмыскерлеріне қатысты сын ескертпелерді жариялауға. Барлық ескертулер, ұсыныстар/ұсынымдар құрылымдық бөлімшениң тікелей басшысына, Қордың басшылығына, жауапты бөлімшеге тек Қордың шенберінде жіберілуі тиіс;

4) Қорға жария ететін немесе оған кір келтіретін немесе қоғам тарапынан Қор қызметін немесе Қордың құпия ақпаратын сынға алуға себеп болуы мүмкін қандай да бір ақпаратты, бейнелерді немесе бейнежазбаларды орналастыруға **тиым салынады**.

32. Қор жұмыскерлеріне:

1) Қор жұмысына қатысты мәселе, шағым немесе талаптар анықталған жағдайда бұл туралы Қор басшылығына хабарлау;

2) әлеуметтік желілерді пайдаланушылармен Қорға қатысты мәселелер бойынша, тіпті тақырып өзекті болса да және ол бойынша ұстаным бар болса да, өз бастамасы бойынша пікірталасқа түспеу ұсынылады.

### 13-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33. Осы Кодекстің ережелері қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

34. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

35. Осы Кодекспен тікелей реттелмеген барлық жағдайларда Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Мінез-құлық және әдеп кодексіне қосымша

Растау – нысан

Толтырылған және қол қойылған растау – нысаны – «МӘСҚ» АҚ-да (бұдан әрі – Қор) еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау басталған сәттен бастап еңбек міндеттерін орындау мерзімі ішінде Қорда әрбір Жұмыскердің жеке ісінде сақталады.

**Растау**

Тиісті ұяшықтарды белгілеп, осы нысанды толтырыныз.

- Мен Кордың мінез-құлық және әдеп кодексімен танысқанымды растаймын
- Мен Кордың Мінез-құлық және әдеп кодексінде белгіленген әдеп қағидаттары мен мінез-құлық ережелерін адаптациядау міндеттенемін
- Мен жылына бір рет Қордағы еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау мерзімі ішінде менің Кордың Мінез-құлық және әдеп кодексінде белгіленген әдеп қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын зерделегенімді, түсінгенімді және ұстануға міндеттенетінімді растауға келісемін.

---

(ТАӘ, лауазымы, қолы)

Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ жыл